

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 401 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 25 қыркүйек N 1052. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 1221 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.19 № 1221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсету үшін авиабағыттарға конкурс өткізу және куәліктер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 401 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 10 , 100-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсету үшін авиабағыттарға конкурс өткізу және куәліктер беру ережесінде:

11-тармақтың 2) тармақшасында ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілуі" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі